

Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 желтоқсанда № 19680 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-бабы екінші бөлігі екінші абзацының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Сыртқы коммуникациялар департаменті - Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

7. 2020 жылғы 16 желтоқсанға дейін мыналардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

1) осы қаулының тақырыбы, тоқтатыла тұру кезеңінде осы қаулы тақырыбының мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

2) осы қаулының 1-тармағының, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

3) Қағидалар тақырыбының, тоқтатыла тұру кезеңінде Қағидалар тақырыбының мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидалары";

4) Қағидалардың 1-тармағының, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы (бұдан әрі - Ұлттық Банк туралы заң), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы (бұдан әрі - Банктер және банк қызметі туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында (бұдан әрі - банк) және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда (бұдан әрі - инкассаторлық ұйымдар) кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.";

5) Қағидалардың 5-тармағының, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"5. Банк кассалық операцияларды жүзеге асыру үшін, жайластырылуы Банктер туралы заңның 15-бабы екінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес Ұлттық Банк бекітетін Екінші деңгейдегі банктердің, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында (бұдан әрі - Үй-жайларды күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары) айқындалатын кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлар жүйесін - кассалық торап жабдықтайды.";

6) Қағидаларға 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында
және банкноттарды,
монеталарды және
құндылықтарды инкассациялау
айрықша қызметі болып
табылатын заңды тұлғаларда
кассалық операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша";

7) Қағидаларға 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында

және банкноттарды,
монеталарды және
кұндылықтарды инкассациялау
айрықша қызметі болып
табылатын заңды тұлғаларда
кассалық операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша";

8) Қағидаларға 3-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында
және банкноттарды,
монеталарды және
кұндылықтарды инкассациялау
айрықша қызметі болып
табылатын заңды тұлғаларда
кассалық операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
3-қосымша";

9) Қағидаларға 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында
және банкноттарды,
монеталарды және
кұндылықтарды инкассациялау
айрықша қызметі болып
табылатын заңды тұлғаларда
кассалық операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
4-қосымша";

10) Қағидаларға 5-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында
және банкноттарды,
монеталарды және
кұндылықтарды инкассациялау

айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 5-қосымша";

11) Қағидаларға 6-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіннің, тоқтатыла тұру кезеңінде осы мәтіннің мынадай редакцияда қолданылатыны белгіленсін:

"Екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларына 6-қосымша".

Ұлттық Банк Төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 29 қарашадағы
№ 231 қаулысымен
бекітілген

Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент- банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге

асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацы 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында (бұдан әрі – банк) және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда (бұдан әрі – инкассаторлық ұйымдар) Қазақстан Республикасында автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыруды қоса алғанда, кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы бояу – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру кезінде банкноттарды сақтауға және қауіпсіз тасымалдауға арналған құрылғыларда (кейстер және контейнерлер) пайдаланылатын, еріткіштердің, химиялық реактивтердің әсеріне төзімді, олардың банкноттарда болуын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сипаттамалары бар бояу құралы;

2) бақылаушы қызметкер – банктің касса қызметкерінің қолма-қол ақшаны қайта санау, сұрыптау және орау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру үшін бақылауды жүзеге асыратын қызметкері;

3) банк-эмитент – шет мемлекеттің ақша белгілерін шығаруға және оларды айналыстан алуға байланысты операцияларды жүзеге асыруды реттейтін орталық банкі ;

4) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдау, жинау, жеткізу, тапсыру, тасымалдау және сақтау, сондай-ақ банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиентті алып жүру;

5) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағдары мен кестесі – банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе кезекші инкассаторы клиентпен келісу бойынша белгілеген банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлері бригадасының жүру жолы мен банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау уақыты;

6) банктің инкассация бөлімшесі – банктің банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын бөлімшесі;

- 7) жол парағы – инкассатор жүргізуші мен көлік құралының жұмысын есепке алуды және бақылауды жүргізуге арналған құжат;
- 8) жүргізуші-инкассатор – банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның көлік құралын жүргізетін қызметкері;
- 9) касса – қолма-қол ақшаны қабылдау, беру, қайта санау, сұрыптау және орау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған үй-жай;
- 10) касса қызметкері – кассалық операцияларды жүзеге асыратын банк қызметкері;
- 11) кезекші инкассатор – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыруды ұйымдастыруға, оның ішінде автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкері;
- 12) клиент – банктің және (немесе) инкассаторлық ұйымның қызметін алатын жеке немесе заңды тұлғалар, оның ішінде олардың мүдделерін білдіруге уәкілетті тұлғалар;
- 13) көлік құралдары – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға арналған арнайы көлік құралдары;
- 14) қойма – қолма-қол ақшаны және құндылықтарды сақтауға арналған арнайы жабдықталған үй-жай;
- 15) қолма-қол ақша – ұлттық және шетел валютасының банкноттары мен монеталары;
- 16) қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар – банктің ішкі басқару құжатымен тағайындалған, қойма және (немесе) сейф бөлмесіндегі қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты уәкілетті қызметкер және касса қызметкері, сондай-ақ олардың орнындағы адамдар.
- Қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты адамдардың санын банк дербес, бірақ екі қызметкерден аз емес етіп айқындайды;
- 17) құндылықтар – төлем құжаттары, құжаттардың бланкілері, бағалы қағаздар, бағалы металдар, асыл тастар, бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған бұйымдар, қоймалардың (сейф бөлмелерінің), сейф депозитарийлерінің, автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардың және оларға кассеталардың кілттері (кілттердің телнұсқалары), қорғалатын банктік ақпарат сақталатын электрондық (цифрлық) тасымалдағыштар;
- 18) операциялық қызметкер – банктің операциялық бөлімшесінің немесе бухгалтерлік есеп бөлімшесінің жүргізілген кассалық операцияларды тіркеуді және (немесе) кейіннен бақылауды жүзеге асыратын қызметкері;
- 19) саше-пакеттер – белгіленген мөлшерде ұлттық валюта монеталары бар және тасымалдау пакетінің құрамдас бөлігі болып табылатын орау бірлігі;
- 20) сейф бөлмесі – қолма-қол ақша және құндылықтарды сақтауға арналған сейфтер (металл шкафтары) орнатылатын, арнайы жабдықталған үй-жай;

21) сөмке – банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру кезінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды сақтауға және қауіпсіз тасымалдауға арналған арнайы құрылғы (инкассатор сөмкесі, қапшық, кейс, кассета, контейнер);

22) тасымалдау пакеті – ұлттық валютаның монеталарын сақтауға, тасымалдауға, қабылдауға және беруге арналған, саше-пакеттерден тұратын орау бірлігі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі 1-параграф. Кассалық операцияларды жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастыру

3. Банк мынадай кассалық операцияларды жүзеге асырады:

1) клиенттен қолма-қол ақша қабылдау, клиентке қолма-қол ақша беру – "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабында көзделген банктік және өзге операцияларды жүргізу үшін;

2) қолма-қол ақшаны ауыстыру - бір номиналдағы банкноттарды және (немесе) монеталарды басқа номиналдағы банкноттарға және (немесе) монеталарға ауыстыруды жүзеге асыру;

3) қолма-қол ақшаны айырбастау - банкноттарды монеталарға, монеталарды банкноттарға айырбастауды, тозған банкноттарды, ақауы бар (бүлінген) монеталарды, айналыстан алынатын банкноттарды және (немесе) монеталарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда айналыстан алынған банкноттарды және (немесе) монеталарды айналысқа жарамды банкноттарға және монеталарға айырбастауды жүзеге асыру;

4) қолма-қол ақшаны қайта санау - номиналдағы банкноттарды парақтап, монеталарды бір-бірлеп қайта санауды жүзеге асыру;

5) қолма-қол ақшаны сұрыптау - банкноттарды номиналдары бойынша, шығарылған жылдары бойынша және тозу дәрежесі бойынша (айналысқа жарамды, айналыстан алынатын және алынған), монеталарды номиналдары бойынша, тозу дәрежесі бойынша (айналысқа жарамды, ақауы бар (бүлінген), айналыстан алынатын және алынған) сұрыптау;

б) қолма-қол ақшаны орау - арнайы орау материалдарын және (немесе) құрылғыларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны сыртқы бүлінулерден қорғауды қамтамасыз ету;

7) қолма-қол ақшаны сақтау - банктің қолма-қол ақшаны сақтауды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Кассалық операциялар банктің жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс, демалыс күндері, сондай-ақ жұмыс істемейтін мереке күндері (бұдан әрі - жұмыс күні) жүзеге асырылады.

5. Банк қассалық операцияларды жүзеге асыру үшін қассалық торапты – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20075 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 14 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында (бұдан әрі – Үй-жайларды күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидалары) жайластырылуы айқындалатын қассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған үй-жайлар жүйесін жабдықтайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Кассалық операцияларды автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыларды, оның ішінде:

1) электрондық құрылғыны - қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру бойынша қассалық операцияларға немесе операциялардың өзге түрлерін жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған электрондық-механикалық құрылғыны (банкомат, электрондық терминал және өзге құралғылар);

2) темпокассаны - ашуға арналған уақытты кешіктіру, қолма-қол ақшаны автоматтандырылмаған түрде беру және оларды сақтау функциясы бар, қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған сейфті;

3) темпосейфті - ашуға арналған уақытты кешіктіру функциясы бар, қолма-қол ақшаны сақтауға арналған сейфті қолдана отырып жүзеге асыруға жол береді.

7. Банк қолма-қол ақшаны қабылдау және беру бойынша қассалық операцияларды "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тиісті тексеру шараларын қабылдағаннан кейін жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Қолма-қол шетел валютасымен кассалық операциялар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

9. Банк кассалық операцияларды жүзеге асыру кезінде банкноттардың төлемділігін және түпнұсқалығын айқындау үшін арнайы жабдықтардың болуын қамтамасыз етеді.

10. Кассалық операцияларды төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізу Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10-1. Электрондық құжаттарды пайдалана отырып жасалатын кассалық операциялар "Ақпараттандыру туралы" (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы заң) және "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" (бұдан әрі – Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заң) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Көзі көрмейтін мүгедектер болып табылатын, қолтаңбасын механикалық көшіру құралының көмегімен қойылатын факсимильді көшіруді пайдаланатын жеке тұлғалармен кассалық операцияларды касса қызметкері Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бақылаушы қызметкердің қатысуымен жүзеге асырады.

12. Банк қызметкерінің жеке заттары, қолма-қол ақшасы және құндылықтары кассалық тораптан тыс, банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сақталады.

Банк қызметкерлерінің кассалық торапқа дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен фото және бейне тіркеу функциясы жоқ байланыс құралдарын алып кіруіне болады

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Банк касса қызметкерлерімен, қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалармен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес толық жеке материалдық жауапкершілік шарттарын және (немесе) ұжымдық (ортақ) материалдық жауапкершілік шарттарын жасауды қамтамасыз етеді.

14. Банк касса қызметкерлерінің, қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғаларының кассалық операцияларды олардың лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыруын, сондай-ақ олардың мүдделер қақтығысын және олардың туындау жағдайларын, қолма-қол ақша мен құндылықтардың талан-таражға салынуын және басқа да заңсыз іс-әрекеттерді болдырмайтын лауазымдық міндеттерін бөлуді қамтамасыз етеді.

15. Банктің касса қызметкерлерінің арасында қолма-қол ақшаны беру қабылданған және берілген қолма-қол ақша мен құндылықтарды есепке алу құжатында көрсетіледі, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) қолма-қол ақшаны беру күні;
- 2) қолма-қол ақшаны беретін касса қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы және қолы;
- 3) қолма-қол ақшаның цифрлармен және жазумен көрсетілген сомасы, қолма-қол ақшаның саны, түрі;
- 4) қолма-қол ақшаны алатын касса қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы және қолы.

16. Банк кассалық операцияларды жүзеге асыруды тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері шеңберінде қамтамасыз етеді.

2-параграф. Қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі

17. Клиенттерден қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша кассалық операцияларды касса қызметкері мынадай кассалық кіріс құжаттардың негізінде жүзеге асырады:

- 1) қолма-қол ақшаны салуға хабарландыру;
- 2) кассалық кіріс ордері.

18. Банк кассалық кіріс құжаттарының нысандарын мынадай міндетті деректемелерді көрсете отырып өз бетінше белгілейді:

- 1) кассалық кіріс құжатының атауы;
- 2) кассалық кіріс құжатының нөмірі;
- 3) кассалық кіріс құжатын жасау күні;
- 4) клиент туралы деректер (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның атауы және бизнес- сәйкестендіру нөмірі);
- 5) қабылданған қолма-қол ақшаның сомасы (цифрлармен және жазумен);
- 6) қабылданған қолма-қол ақшаның мақсаты;
- 7) банктің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 8) касса қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы және қолы;
- 9) клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және қолы.

19. Банктің касса қызметкері мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) қолма-қол ақшаны енгізетін клиентті оның жеке басын куәландыратын құжатпен не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен көзбен шолып сәйкестендіруді жүргізеді;

2) парақтап қайта саналған банкноттарды, бір-бірлеп қайта саналған монеталарды Қағидалардың 57 және 58-тармақтарына сәйкес қолма-қол ақшаның түпнұсқалығын және төлемділігін тексере отырып қабылдайды;

3) клиенттің қойған қолының бар болуын және операциялық қызметкердің қатысуымен қойған қолының бар болуын тексереді, оларды қол қою үлгілерімен салыстырып тексереді;

4) кассалық кіріс құжатында көрсетілген соманың нақты қабылданған қолма-қол ақшаның жалпы сомасына сәйкес келуін салыстырып тексереді;

5) кассалық кіріс құжатының барлық данасына қол қояды, кассалық кіріс құжатының барлық данасына банктің касса қызметкерінің мөртабанын қояды;

6) клиентке қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша кассалық операцияның жүргізілгенін растайтын құжатты береді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20. Касса қызметкері қолма-қол ақшаны клиенттің қатысуымен қабылдайды және қайта санайды.

Касса қызметкерінің жұмыс орнында клиенттің қолма-қол ақшасы болады. Бұрын қабылданған барлық қолма-қол ақша касса қызметкерінің жұмыс орнында орналасқан, кілтпен жабылатын, қолма-қол ақшаны сақтауға арналған арнайы құрылғыларда (металл шкаф, сейф, арба, үстелдің ұяшықтары, тумба) сақталады.

21. Егер клиент қолма-қол ақшаны банктің кассасына бірнеше кассалық кіріс құжаты бойынша енгізсе, касса қызметкері қолма-қол ақшаны әрбір кассалық кіріс құжаты бойынша бөлек қабылдайды.

22. Касса қызметкеріне клиентке қызмет көрсету аяқталғанға дейін жұмыс орнын тастап кетуге рұқсат етілмейді.

23. Жұмыс күні ішінде қабылданған қолма-қол ақшаны касса қызметкері кассалық кіріс құжаты бойынша қалыптастырады, орайды және касса меңгерушісіне немесе касса меңгерушісінің функцияларын жүзеге асыратын адамға банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тапсырады.

Касса меңгерушісіне немесе касса меңгерушісінің функциясын жүзеге асыратын адамға қабылданған қолма-қол ақшаны жұмыс күні ішінде бірнеше рет беруге рұқсат етіледі.

24. Банктің инкассация бөлімшесінен немесе инкассаторлық ұйымнан клиенттің қолма-қол ақшасын қабылдау бойынша касса операцияларын банктің касса қызметкері Қағидалардың 106-тармағының талаптарына сәйкес келетін жолдама құжат негізінде жүзеге асырады.

Касса қызметкері:

1) Қағидалардың 106-тармағында көзделген қажетті мәліметтердің жолдама құжатта көрсетілуін тексереді;

2) банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қабылданатын қолма-қол ақша сомасын тіркеуді жүзеге асырады;

3) сөмкенің тұтастығын тексереді;

4) пломбалаудың дұрыстығын тексереді.

25. Сөмкенің тұтастығының бұзылуы байқалған жағдайда касса қызметкері, банктің инкассация бөлімшесі немесе инкассаторлық ұйым қызметкерінің қатысуымен сөмкені ашып, ондағы қолма-қол ақшаны және құндылықтарды қайта санайды.

Кем немесе артық шығулар анықталған кезде кем немесе артық шығу себептерін анықтау бойынша шаралар қабылдау үшін қайта санау нәтижелері туралы акті банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жасалады.

26. Жұмыс күні ішінде клиенттен қабылданған қолма-қол ақша клиенттердің банктік шоттарына сол жұмыс күні аударылады.

Клиенттің банктің инкассация бөлімшесінен немесе инкассаторлық ұйымнан қабылданған қолма-қол ақшасы клиенттердің банктік шоттарына клиент, банк және инкассаторлық ұйым арасындағы банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға жасалынған шартта белгіленген тәртіппен есепке алынады.

27. Касса қызметкері құндылықтарды қабылдауды баланстан тыс ордер негізінде банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

3-параграф. Қолма-қол ақшаны беру, ауыстыру және айырбастау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі

28. Қолма-қол ақшаны клиентке беру бойынша операцияларды жасау үшін касса меңгерушісі немесе касса меңгерушісінің функциясын жүзеге асыратын адам касса қызметкеріне қажетті қолма-қол ақша сомасын береді.

29. Қолма-қол ақша беру мынадай кассалық шығыс құжаттары:

1) чек;

2) кассалық шығыс ордері негізінде жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшаны заңды тұлға-клиентке және заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға-клиентке (бұдан әрі – дара кәсіпкерлер) беру қолма-қол ақша берілгенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлға-клиент және дара кәсіпкерлер ұсынған қолма-қол ақшаны алуға арналған өтінім бойынша банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Кассада заңды

тұлға-клиентке және дара кәсіпкерге қолма-қол ақша беру үшін қажетті сома болған жағдайда, ақша беру заңды тұлға-клиент және дара кәсіпкер қолма-қол ақша алуға өтінім берместен, өтініш жасаған күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Банк кассалық шығыс құжаттарының нысандарын мынадай міндетті деректемелерді көрсете отырып өз бетінше белгілейді :

- 1) кассалық шығыс құжатының атауы;
- 2) кассалық шығыс құжатының нөмірі;
- 3) кассалық шығыс құжатын жасау күнін;

4) клиент туралы деректер (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі);

- 5) берілетін қолма-қол ақшаның сомасы (цифрлармен және жазумен);
- 6) берілетін қолма-қол ақшаның мақсаты;
- 7) банктің атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 8) касса қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы және қолы;
- 9) клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және қолы.

31. Банктің касса қызметкері мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) клиентті жеке басын куәландыратын құжаттың деректері не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректер бойынша көзбен шолып сәйкестендіруді жүргізеді;

2) клиенттің қойған қолының бар болуын және операциялық қызметкердің қатысуымен қойған қолының бар болуын тексереді, оларды қол қою үлгілерімен салыстырып тексереді;

3) берілуге тиіс қолма-қол ақша сомасын дайындайды;

4) беруге дайындалған қолма-қол ақшаны клиенттің қатысуымен қайта санайды, қолма-қол ақшаны клиентке береді;

5) кассалық шығыс құжатының барлық данасына қол қояды және банктің касса қызметкерінің мөртабанын кассалық шығыс құжатының барлық данасына қояды;

6) клиентке қолма-қол ақша беру бойынша кассалық операцияның жүргізілгенін растайтын құжатты береді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.02.2022 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

32. Касса қызметкері толық, толық емес бумадағы банкноттарды және (немесе) жекелеген түбіртектегі банкноттарды орауында белгіленген сомалар бойынша бүлінбеген орауды сақтай отырып, парақтап санаусыз клиентке береді. Толық емес, сондай-ақ бүлінген түбіртектерден тұратын банкноттарды касса қызметкері парақтап санап береді.

Қаптарға салынған монеталар қаптарға жапсырылған таңбалардағы жазулар бойынша, ал пакеттерге (тюбиктерге, қорапшаларға) оралғандары - олардағы жазулар бойынша беріледі. Касса қызметкері толық емес қаптардан монеталарды бір-бірлеп санап береді.

33. Касса қызметкері қолма-қол ақшаны клиенттерге банктің орауымен ғана береді. Егер анықталған кем шығулар, артық шығулар, төлемге жарамсыз және күмәнді қолма-қол ақша бойынша шағым-талаптарды реттеу тәртібі банктер арасында жасалған корреспонденттік банк шотының шартында айқындалатын болса, қолма-қол ақша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) немесе басқа банктің орауымен беруге рұқсат етіледі.

34. Клиенттің талап етуі бойынша бір номиналдағы қолма-қол ақшаны басқасына айырбастау дайындалған қолма-қол ақшаны клиентке беру жүзеге асырылғаннан кейін рұқсат етіледі.

35. Клиент алынған қолма-қол ақшаны кассадан алыстамай немесе касса қызметкерінің немесе бақылаушы қызметкердің қатысуымен клиенттердің қолма-қол ақшаны қайта санауға арналған үй-жайында қайта санайды. Қайта санау нәтижесінде қолма-қол ақшаның кем немесе артық шығуы анықталған кезде касса қызметкері немесе бақылаушы қызметкер банк өз бетінше белгілеген нысан бойынша кем немесе артық шығу актісін жасайды. Клиенттің қолма-қол ақшаның кем шығуы, төлемге жарамсыздығы, күмәнділігі туралы өтініші, егер олар банктің кассасынан алыстамай, қолма-қол ақша берген касса қызметкерінің немесе бақылаушы қызметкердің бақылауымен қайта саналмаған болса, қанағаттандырылмайды.

36. Қолма-қол ақшаны ауыстыру, айырбастау бойынша операцияларды жүзеге асыру кезінде касса қызметкері қолма-қол ақшаның төлемділігі мен түпнұсқалылығын Қағидалардың 57 және 58-тармақтарының талаптарына сәйкес тексереді.

Қолма-қол ақшаны ауыстыру, айырбастау бойынша операцияларды жүзеге асыру тәртібі банктің ішкі құжаттарында айқындалады.

37. Касса қызметкері жұмыс күнінің соңында қолма-қол ақшаның қалдығын қайта санайды, сұрыптайды және банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кассалық күн құжаттарына тігілуін тексеру үшін кассалық шығыс құжаттарымен бірге касса меңгерушісіне немесе касса меңгерушісінің функциясын жүзеге асыратын адамға тапсырады.

38. Банктің инкассация бөлімшелеріне немесе инкассаторлық ұйымға клиенттің қолма-қол ақшасын беру бойынша касса операцияларын касса қызметкері

Қағидалардың 106-тармағының талаптарына сәйкес келетін ілеспе құжат негізінде жүзеге асырады.

39. Банктің инкассация бөлімшесінің немесе инкассаторлық ұйымның қызметкері қолма-қол ақшаны Қағидалардың 107-тармағына сәйкес қабылдайды.

40. Құндылықтарды беру банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен баланстан тыс ордермен ресімделеді.

4-параграф. Қолма-қол ақшаны қайта санау, сұрыптау және орау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі

41. Банктер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16120 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларында (бұдан әрі - № 230 Қағидалар) белгіленген банкноттар мен монеталардың машинамен оқылатын кемінде екі қорғаныш белгісін тексеру функциясы бар жабдықта қолма-қол ақшаны қайта санау және сұрыптау бойынша касса операцияларын жүзеге асырады.

42. Касса қызметкері қолма-қол ақшаны қабылдау және клиентке беру бойынша касса операцияларын жасау жағдайларын қоспағанда, бақылаушы қызметкердің қатысуымен қолма-қол ақшаны қайта санау, сұрыптау және орау бойынша касса операцияларын жүзеге асырады.

43. Қолма-қол ақшаны сұрыптау номиналы бойынша және тозу дәрежесі бойынша жүзеге асырылады. Банкноттар номиналдары бойынша, айналысқа жарамды, тозған, айналыстан алған және (немесе) алынатын болып сұрыпталады.

Банк Ұлттық Банктің аумақтық филиалына тапсыру үшін банкноттарды шығару жылдары бойынша қосымша сұрыптауды жүзеге асырады.

Монеталар номиналдары бойынша, айналысқа жарамды, ақаулы (бүлінген), айналыстан алған және (немесе) алынатын болып сұрыпталады.

44. Артық немесе кем шығу байқалған, сондай-ақ төлемге жарамсыз, күмәнді және қолдан жасау белгілері бар банкноттар мен монеталар байқалған кезде қайта санау және сұрыптау бойынша касса операцияларын жүзеге асыру кезінде касса қызметкері және бақылаушы қызметкер банкноттар мен монеталардың кем немесе артық шығу себептерін анықтау бойынша шаралар қабылдау үшін банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен кем немесе артық шығу актісін жасайды.

45. Айналымға жарамды банкноттар және монеталар тозған банкноттардан және ақаулы (бүлінген) монеталардан, сондай-ақ айналыстан алынған және (немесе) алынатын банкноттар мен монеталардан бөлек оралады.

46. Номиналы бірдей банкноттың әрбір жүз парағы бет жағын үстіне қаратып бір жаққа салынады, түбіртекке жинақталады және түбіртекші бумаға орау тәсіліне байланысты айқастырылған түрде байланады немесе бір көлденең бандероль жасалады.

Бандерольда номиналы, сомасы, қалыптастыру күні, банкноттарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлерінің бригадасының) мөртабаны немесе өзге коды, сондай-ақ қолы (қолдары) көрсетіледі. Тозығы жеткен банкноттардың бандерольдарында "Тозығы жеткен" мөртабаны қосымша қойылады.

47. Номиналы бірдей әрбір он түп банкнот бір мың парақтан жинақталып, жоғары және төменгі жағынан жапсырмалармен жабдықталады.

Банкноттары бар буманың жоғарғы жапсырмасында банктің атауы, банктік сәйкестендіру коды, номиналы, сомасы, банкноттар саны, оралған күні, банкноттарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадаларының) мөртабаны немесе коды, сондай-ақ қолы (қолдары) көрсетіледі.

Тозығы жеткен банкноттары бар буманың жоғары жапсырмасына "Тозығы жеткен" мөртабаны қосымша қойылады.

48. Банкноттардың қалыптастырылған бумасы түйінсіз және үзіксіз шуда жіппен айқастырылған түрде екі рет оралып төрт рет түйіншектеліп байланады, шуда жіптің соңына банктің касса қызметкері пломба жасайды және монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлерінің бригадасы) кодының бедері бар пломбиратормен пломбланады.

Банкноттар салынған бумаларды полиэтилен пакетке орау кезінде полиэтилен пакет вакуумдық орағышпен бекітіледі, бекітілген тігіске банктік сәйкестендіру коды және банкноттарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) коды қойылады.

49. Банкноттарды қайта санап, сұрыптаудан қалған парақтар, толық емес түбіртектер, толық емес бумалар біріктіру және орау үшін касса қызметкеріне беріледі.

Касса қызметкерлері қосу үшін қабылданған банкноттарды парақтап қайта санайды және олардан банкноттардың толық түбіртегін және бумаларын қалыптастырады.

Қалған банкноттар түрлі номиналдағы банкноттардан тұратын бумаға оралады. Бумадағы банкноттар Қағидалардың 46-тармағының екінші бөлігінде көзделген деректемелерді ресімдемей бір жалпы бандеролға салынады.

50. Банкноттар бар жекелеген түптер бір номиналдағы толық емес бумаларға немесе түрлі номиналдағы бумаларға оралады, бірақ бір бумада он түптен артық болмайды, олар жоғары және төменгі жапсырмалармен жабдықталады. Жоғары жапсырмада банктің атауы, банктік сәйкестендіру коды, әрбір номиналдағы банкноттардың саны мен сомасы, салынған банкноттардың жалпы сомасы, орау күні, банкноттарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің мөртабаны немесе коды, сондай-ақ қолы көрсетіледі. Түрлі номиналдағы түбіртектерден немесе парақтардан тұратын бумаларға қосымша "Құрама" мөртабаны қойылады.

51. Касса қызметкері номиналдары бойынша қайта саналған және сұрыпталған монеталарды қаптарға, пакеттерге, тубиктерге орайды.

Пакеттерге немесе тубиктерге оралған монеталар санын банктер дербес белгілейді. Пакеттер және тубиктер сыртқы тігісі жоқ және бүлінбеген қаптарға оралуға тиіс.

Бір қапқа оралатын монеталар сомасы номиналы бойынша мынадай санда белгіленеді:

- 1 теңге – 4000 (төрт мың) дана;
- 2 теңге – 4000 (төрт мың) дана;
- 5 теңге – 3000 (үш мың) дана;
- 10 теңге – 2500 (екі мың бес жүз) дана;
- 20 теңге – 2500 (екі мың бес жүз) дана;
- 50 теңге – 1500 (бір мың бес жүз) дана;
- 100 теңге – 1000 (бір мың) дана;
- 200 теңге – 750 (жеті жүз елу) дана.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Қапшықтың аузы жапсырмамен бірге тігіледі және шпагатпен түйінсіз және үзіксіз мықтап байланады. Шуда жіптің шеті шешілмейтіндей болып түйіледі, оның үстінен пломба салынады және монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлерінің бригадасы) кодының бедері бар пломбиратормен пломбаланады.

53. Қапта бекітілген жапсырмаларда банктің атауы, банктік сәйкестендіру коды, монеталардың номиналы, сомасы, саны, орау күні, монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлерінің бригадасы) мөртабаны немесе коды, сондай-ақ қолы (қолдары) көрсетіледі. Ақаулы (бүлінген) монеталар салынған қаптардың жапсырмаларына "Ақауы бар" мөртабаны қосымша қойылады. Монеталар салынған құрама қаптардағы жапсырмаларда әрбір номиналдағы монеталардың номиналы, саны мен сомасы, салымның жалпы сомасы қосымша көрсетіледі және "Құрама" мөртабаны қойылады.

53-1. Қайта саналған және номиналдары бойынша сұрыпталған монеталарды саше-пакеттерге және тасымалдау пакеттеріне орауға болады.

Бір саше-пакетке оралатын монеталардың саны:

- номиналы 1, 2, 5, 10, 20, 50 және 100 теңгелік монеталар үшін – 100 (бір жүз) дана;
- номиналы 200 теңгелік монеталар үшін – 50 (елу) дана болады.

Саше-пакеттердегі монеталар тасымалдау пакеттеріне салынады. Бір тасымалдау пакетіндегі монеталардың жалпы сомасы мен саны Қағидалардың 51-тармағына сәйкес белгіленеді.

Саше-пакет бекітіледі, затбелгі жапсырылып, онда номиналы, сомасы, қалыптастыру күні, мөртабан немесе код, сондай-ақ монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының)

қолы (қолдары) көрсетіледі. Ақаулы (бүлінген) монеталардың затбелгісінде "Ақауы бар" мөртабаны қосымша қойылады.

Тасымалдау пакеті бекітілген кезде бекітілген тігіске банктік сәйкестендіру коды және монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) коды қойылады. Тасымалдау пакетіне затбелгі жапсырылып, онда банктің атауы, банктік сәйкестендіру коды, монеталардың номиналы, сомасы, саны, орау күні, мөртабан немесе код, сондай-ақ монеталарды қайта санаған, сұрыптаған және ораған касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) қолы (қолдары) көрсетіледі. Ақаулы (бүлінген) монеталардың затбелгісінде "Ақауы бар" мөртабаны қосымша қойылады. Құрама монеталар салынған тасымалдау пакетінің затбелгісінде әрбір номиналдағы монеталардың номиналы, саны мен сомасы, салымның жалпы сомасы қосымша көрсетіледі және "Құрама" мөртабаны қойылады.

Ескерту. Қағидалар 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Тексеру үшін қайта санауды жүзеге асыру кезінде қолма-қол ақшаны орау бойынша касса операциялары осы параграфтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте банкноттар салынған бандерольдерге және жоғарғы жапсырмаларға және монеталар салынған қаптардың жапсырмаларына "Тексеру үшін қайта санау" мөртабаны қойылады.

55. Қолма-қол ақшаны автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыларға жүктеу үшін қолма-қол ақша парақтап кассетаға салынады, кассеталар кілтке жабылады және қолма-қол ақшаның сақталуын қамтамасыз ететін және кассеталарды рұқсатсыз ашу мүмкіндігін болдырмайтын тәсілмен пломбаланады. Кассеталарды мөрлеу үшін пломбалардың түрлерін (қағаз пломбалар, пластик нөмірлеу пломбалары, жапсырма пломбалар, бояғыш заттары бар пломбалар және т.б.) банктер дербес таңдайды.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Жұмыс күнінің соңында касса қызметкері және бақылаушы қызметкер банктің ішкі құжаттарына сәйкес алынған және берілген қолма-қол ақша сомасын қайта саналған, сұрыпталған және оралған қолма-қол ақша сомасымен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

5-параграф. Күмәнді, төлемге жарамсыз, қолдан жасау белгілері бар қолма-қол ақшамен жұмыс істеу тәртібі

57. Банк кассалық операцияларды жүзеге асыру кезінде № 230 Қағидаларға сәйкес банкноттар мен монеталардың төлемділігін тексереді.

58. Банк кассалық операцияларды жүргізу кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18545 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларының талаптарына сәйкес эмитент банктер ұсынған шетел валютасының үлгілері не эмитент банктердің және осындай ақпаратты таратумен айналысатын басқа ұйымдардың ресми көздерінен алынған қолма-қол шетел валютасының төлемге жарамдылық белгілері туралы анықтамалық және ақпараттық материалдар бойынша қолма-қол шетел валютасының төлемділігін тексереді.

59. Касса қызметкері күмәнді банкноттар мен монеталар анықталған кезде клиенттің және касса меңгерушісінің немесе оның функцияларын жүзеге асыратын адамның қатысуымен банк өз бетінше айқындаған нысан бойынша екі данада күмәнді банкноттар мен монеталарды сараптамаға қабылдау туралы акті жасайды, мұнда күні, күмәнді банкноттар мен монеталарды анықтаған банктің касса қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), банкноттар мен монеталардың номиналы, банкноттардың нөмірлері мен сериялары, сондай-ақ банкноттар мен монеталардың күмәнділігіне тән белгілері көрсетіледі, оның біреуі банкте қалады, екіншісі клиентке беріледі.

Күмәнді банкноттар мен монеталар бес жұмыс күні ішінде сараптамаға Ұлттық Банктің филиалына жіберіледі.

Ұлттық Банктің филиалынан банкноттар мен монеталарды төлемге жарамды деп тану туралы сараптама нәтижелерін алған жағдайда күмәнді банкноттар мен монеталарды сараптамаға қабылдау туралы актінің данасы негізінде банкноттар мен монеталар клиентке қайтарылады.

Банкноттар мен монеталар төлемге жарамсыз деп танылған жағдайда, банкноттар мен монеталар қайтарылмайды, клиентке банкноттар мен монеталардың сараптамаларының нәтижесі беріледі.

60. Қолдан жасау белгілері бар банкноттар мен монеталардың табылғандығы туралы құқық қорғау органдарына хабарланады.

Қолдан жасау белгілері бар банкноттар мен монеталарды құқық қорғау органдары бір данасы клиентке берілетін қолдан жасау белгілері бар банкноттар мен монеталарды алу туралы хаттама негізінде алуға тиіс.

61. Қолдан жасалған белгілері бар банкноттар мен монеталар клиентке қайтарылмайды, қабылданған банкноттар мен монеталар сомасы клиенттің банктік шотына есептелмейді.

62. Банк бес жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің филиалына номиналы, банкноттар мен монеталардың табылған күні, банкноттар сериясы мен нөмірін, жалған белгілері

бар банкноттар мен монеталарды құқық қорғау органдарының алуы туралы хаттаманың нөмірі мен күнін көрсете отырып, қолдан жасалған белгілері бар банкноттар мен монеталардың анықталғаны туралы хабарлайды

63. Құқық қорғау органдары банкноттар мен монеталарды түпнұсқа деп таныған кезде, олар клиентке қайтару үшін банкке тапсырылады, егер олар жалған деп танылса, олар құқық қорғау органдарында заттай айғақтар ретінде қалады.

5-1-параграф. Арнайы бояумен боялған қолма-қол ақшамен жұмыс істеу тәртібі

Ескерту. 2-тарау 5-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

63-1. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру кезінде Қағидалардың 93-тармағының үшінші бөлігінде көзделген арнайы бояумен жабдықталған банкноттарды сақтауға және қауіпсіз тасымалдауға арналған құрылғыларды (кейстер мен контейнерлерді) (бұдан әрі – арнайы контейнерлер) банк, инкассаторлық ұйым өз қалауы бойынша пайдаланылады. Арнайы контейнерлер іске қосылған кезде (санкцияланған немесе санкцияланбаған) ішіндегі банкноттар арнайы бояумен боялады.

Арнайы контейнерлерді пайдаланатын банк, инкассаторлық ұйым клиенттен арнайы контейнердің іске қосылуы (санкцияланған немесе санкцияланбаған) нәтижесінде арнайы бояумен боялған банкноттарды Ұлттық Банктің филиалдарына сараптамаға беру үшін қабылдайды.

63-2. Банк, инкассаторлық ұйым арнайы контейнерлер мен арнайы бояуды пайдалана бастағанға дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей арнайы бояудың үлгілерін және арнайы бояуға арналған техникалық құжаттаманы (қорғаныш бояуының және маркерлердің техникалық сипаттамалары, бейтараптандыру үшін пайдаланылатын өнімдердің химиялық белгіленуі мен құрамы, арнайы бояуды өндіруші ұйымның атауы туралы ақпаратты қамтитын құжаттама, сондай-ақ бейтараптандыру үшін пайдаланылатын арнайы бояудың қауіпсіздігін растайтын құжат) Ұлттық Банкке жібереді.

Банктің, инкассаторлық ұйымның клиенті арнайы контейнерлер мен арнайы бояуды пайдалана бастағанға дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей банкке, инкассаторлық ұйымға арнайы бояудың үлгілерін және арнайы бояуға арналған техникалық құжаттаманы жібереді. Банк, инкассаторлық ұйым клиенттен арнайы бояудың үлгілерін және арнайы бояуға арналған техникалық құжаттаманы алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оларды Ұлттық Банкке жібереді.

63-3. Техникалық құжаттамасы қоса берілген арнайы бояудың ұсынылған үлгілерін зерттеу нәтижелері бойынша Ұлттық Банк оларды алған күннен бастап он бес жұмыс

күні ішінде банкке, инкассаторлық ұйымға арнайы бояудың үлгілерін келісу туралы не себептерін көрсете отырып, оларды келісуден бас тарту туралы хат жібереді.

Арнайы бояудың үлгілері келісілген жағдайда арнайы бояудың үлгілерін келісу туралы хат банкноттарды айырбастауға ұсынған жағдайда оларда арнайы бояудың болуын сәйкестендіруге мүмкіндік беретін арнайы бояудың сипаттамасын, сондай-ақ осы арнайы бояуды арнайы контейнерлерде пайдаланатын банктің, инкассаторлық ұйымның толық атауын қосымша көрсете отырып, Ұлттық Банктің филиалдарына жіберіледі.

63-4. Банк, инкассаторлық ұйым клиенттен арнайы бояумен боялған банкноттарды Қағидалардың 59-тармағының талаптарына сәйкес қабылдайды.

Күмәнді банкноттарды сараптамаға қабылдау туралы актіге еркін нысанда жасалған және Клиент қол қойған арнайы контейнердің іске қосылуы туралы акт қоса беріледі, онда:

- 1) арнайы контейнердің іске қосылу фактісі анықталған күн;
- 2) арнайы контейнердің іске қосылу фактісін анықтау мән-жайлары;
- 3) банкноттарды арнайы бояумен бояу себебі (арнайы контейнерді санкцияланған немесе санкцияланбаған ашу);
- 4) арнайы бояудың сипаттамалары;
- 5) арнайы бояуды дайындаушы ұйымның атауы көрсетіледі.

Арнайы контейнердің іске қосылуы туралы акт үш данада жасалады, оның бірінші данасы клиентте, екінші данасы банкте, инкассаторлық ұйымда қалады, үшінші данасы боялған банкноттармен бірге Ұлттық Банктің филиалына жіберіледі.

63-5. Банк, инкассаторлық ұйым Ұлттық Банктің филиалына сараптамаға берген кезде арнайы бояумен боялған банкноттарды кептіреді, парақтап қайта есептейді және сыртқы тігісі жоқ қапшыққа буып-түйеді, оған мынадай ақпарат берілген жапсырма қағаз қойылады:

- 1) банктің, инкассаторлық ұйымның толық атауы;
- 2) банктің, инкассаторлық ұйымның банктік сәйкестендіру коды;
- 3) әрбір номинал бойынша арнайы бояумен боялған банкноттардың номиналдары мен саны;
- 4) арнайы бояумен боялған банкноттардың сомасы;
- 5) арнайы бояумен боялған банкноттарды орау күні;
- 6) арнайы бояумен боялған банкноттардың оралуын жүргізген банк, инкассаторлық ұйым қызметкерінің тегі, аты-жөні және қолы;
- 7) мөртабан немесе "Арнайы бояумен боялған банкноттар" деген жазу.

63-6. Ұлттық Банктің филиалынан банкноттарды төлем банкноттары деп тану туралы сараптама нәтижелерін алған жағдайда арнайы бояумен боялып бұрын қабылданған банкноттардың орнына төлем банкноттарын беру жүзеге асырылады.

Сараптама нәтижелері бойынша төлемге жарамсыз және (немесе) қолдан жасау белгілері бар деп танылған банкноттар төлем банкноттарына айырбастауға және қайтарылуға жатпайды. Көрсетілген жағдайда клиентке банкноттар сараптамасының нәтижесі беріледі.

6-параграф. Күнді аяқтау және кассалық құжаттарды қалыптастыру тәртібі

64. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін касса меңгерушісі немесе оның функцияларын жүзеге асыратын тұлға касса қызметкерлерінен алынған кіріс және шығыс кассалық құжаттар негізінде банк өз бетінше айқындаған нысан бойынша күнделікті кассалық айналымдар туралы жиынтық құжат жасайды, оның нәтижелерін бухгалтерлік есеп деректерімен салыстырады және күннің кассалық құжаттарына тігеді.

65. Қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар қолма-қол ақша мен құндылықтардың кірістері, шығыстары, қалдығы бойынша жалпы соманы тексеруді жүзеге асырады. Қолма-қол ақша мен құндылықтар қалдығы және бухгалтерлік есеп деректерінің арасында алшақтықтар болған жағдайда кем немесе артық шығу актісі жетіспеушіліктің немесе артықтықтың себептерін анықтауға банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шаралар қабылдау үшін банктің өз бетінше айқындаған нысаны бойынша жасалады.

66. Күннің кассалық құжаттары келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей, жұмыс күні аяқталғаннан кейінгі әр күн үшін жеке папкаларға қалыптастырылады.

67. Күннің кассалық құжаттары кіріс, шығыс кассалық құжаттар бойынша және валюта түрі бойынша бөлек қалыптастырылады.

68. Құжаттарды күннің кассалық құжаттарынан алуға Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте рұқсат етіледі.

7-параграф. Автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардың жұмысын ұйымдастыру

69. Автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыларға кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаларды салуды және кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаны автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардан шығаруды банктің және (немесе) инкассация ұйымының автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардың жұмысын ұйымдастыруға жауапты қызметкерлері банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

70. Автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыларға жүктеу үшін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаны алуы және тапсыруы банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

71. Автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғыға айналымға жарамды банкноттар мен монеталар салынады.

72. Құрылымы қабылданған қолма-қол ақшаны қайта пайдалануды көздейтін автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғы № 230 қағидаларға сәйкес, кем дегенде екі машинада оқылатын қорғаныш белгілерін тану функциясымен жарақтандырылады.

73. Банк кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаны жүктеу мен алуды, кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаны жүктегеннен және алғаннан кейін олардың сомасы мен қалдықтарын растайтын ақпараттың болуы мен сақталуын қамтамасыз етеді.

8-параграф. Қолма-қол ақшаны сақтау бойынша кассалық операцияларды жүзеге асыру тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

74-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

74. Банктер банктің ішкі құжаттарына сәйкес автоматтандырылған ақпараттық жүйеде есепке алынғаннан кейін қолма-қол ақшаның қоймада және (немесе) сейф бөлмесінде сақталуын қамтамасыз етеді.

75. Қоймаға және (немесе) сейф бөлмесіне қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалардың, сондай-ақ қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар ілесіп жүрген кезде банк басшысының басқару құжаты негізінде адамдардың кіруіне рұқсат етіледі.

76. Қойма және (немесе) сейф бөлмесі есігінің электронды және механикалық құлыптарының кілттері және (немесе) кодтары қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғаларда сақталады.

77. Қойма және (немесе) сейф бөлмесіндегі қолма-қол ақшалар валюта түрі бойынша, банкноттардың және монеталардың номиналдары бойынша металл шкафтарда, сөрелерде, сейфтерде, арбаларда бөлек сақталады.

78. Қойма және (немесе) сейф бөлмесін жабар алдында қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар, қоймада және (немесе) сейфте қолма-қол ақшаның нақты болуы касса қалдығы мен бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес келетіндігін тексереді.

79. Қоймада және (немесе) сейф бөлмесінде кассадағы қолма-қол ақшаның нақты болуы мен бухгалтерлік есеп деректері арасында алшақтықтар болған жағдайда кем немесе артық шығу актісі жетіспеушіліктің немесе артықтықтың себептерін анықтауға банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шаралар қабылдау үшін банктің өз бетінше айқындаған нысаны бойынша жасалады.

80. Құндылықтарды, мөрлерді, қойманың және (немесе) сейф бөлмесінің электрондық және механикалық құлыптарының кілттері мен кодтарын,

пломбалаушыларды, клишелерді, атаулы мөртабандарды және касса қызметкерінің жұмыс орнында орналасқан, қолма-қол ақшаны сақтауға арналған арнайы құрылғылардың кілттерін сақтау, беру және табыстау тәртібі олардың рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмайтын банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

9-параграф. Қолма-қол ақшаны ревизиялауды жүзеге асыру тәртібі

81. Қолма-қол ақшаны ревизиялау банкте қолма-қол ақшаның нақты болуының бухгалтерлік есептің деректерімен сәйкестігін тексеру үшін жүзеге асырылады.

82. Кассада, қоймада және (немесе) сейф бөлмесінде орналасқан қолма-қол ақшаны ревизиялау банктің ішкі басқару құжаты негізінде жүзеге асырылады:

- 1) жыл сайын 1 қаңтардағы жағдай бойынша;
- 2) қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар ауысқан кезде, оның ішінде уақытша ауысуы кезінде;
- 3) банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда.

83. Ревизиялауды касса қызметкерлері болып табылмайтын банк қызметкерлері арасынан құрамы кемінде үш адамнан тұратын комиссия жүзеге асырады, олардың біреуі басшы болып тағайындалады.

Ревизиялауды комиссия қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалардың қатысуымен жүзеге асырады.

84. Ревизиялау клиенттерге кассалық қызмет көрсетудің ағымдағы режимін және кассалық операцияларды жүргізуді бұзбай жүзеге асырылады.

85. Ревизиялау нәтижелері бойынша банк өз бетінше айқындаған нысан бойынша акт жасалады, оған комиссияның барлық мүшелері және қолма-қол ақшаның сақталуы үшін жауапты тұлғалар мынадай мәліметтерді:

- 1) ревизиялау жүзеге асырылған жағдай бойынша күнді;
- 2) бухгалтерлік есепте және қойма мен (немесе) сейф бөлмесіндегі қолма-қол ақшаны қабылдауды және беруді растайтын құжаттарда көрсетілген қолма-қол ақша сомасын;
- 3) қолма-қол ақшаның нақты сомасын;
- 4) ревизиялау кезінде анықталған қолма-қол ақшаның жетіспеушілігін немесе артықтығын, сондай-ақ Қағидалар мен кассалық операцияларды жүзеге асыруды реттейтін банктің ішкі құжаттарының талаптарын бұзушылықтарды;
- 5) күннің кассалық құжаттарының дұрыс рәсімделуін және сақталуын;
- 6) болған жағдайда комиссия мүшелерінің айрықша ескертулерін көрсете отырып қол қояды.

3-тарау. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыруды ұйымдастыру

86. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау:

1) клиенттің және банктің немесе инкассаторлық ұйымның;

2) клиенттің, банктің және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің немесе инкассаторлық ұйымның арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға арналған шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін 5 (бес) жыл бойы сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87. Банк Ұлттық Банктен қолма-қол ақшаны қабылдауды және Ұлттық Банкке қолма-қол ақшаны өткізуді жүзеге асырған жағдайда, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды Қағидалардың 125, 126, 127, 128 және 129-тармақтарына сәйкес банктің инкассация бөлімшелері немесе банкноттар, монеталар және құндылықтар бар банк қызметкерлерінің ілесіп жүруімен инкассаторлық ұйым жүзеге асырады.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

87-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87-1. Электрондық құжаттарды пайдалана отырып банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операциялары ақпараттандыру туралы және электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

88. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес толық жеке материалдық жауапкершілік шарттарын және (немесе) ұжымдық (ортақ) материалдық жауапкершілік шарттарын жасасуды қамтамасыз етеді.

89. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыруын, сондай-ақ олардың мүдделер қақтығысын және олардыңтуындау жағдайларын, банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың талан-таражға салынуын және басқа да заңсыз іс-әрекеттерді болдырмайтын лауазымдық міндеттерін бөлуді қамтамасыз етеді.

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға байланысты емес функцияларды жүзеге асырмайды.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды Ұлттық пошта операторы қызметкерлерінің арнайы жөнелтілімдерді (хат-хабарлар, заңмен қорғалатын кез келген құпия бар құжаттар) тасымалдауымен және жеткізуімен біріктіруге рұқсат етіледі.

90. Қазақстан Республикасының аумағында инкассаторлық ұйымның филиалы ашылған жағдайда, инкассаторлық ұйым он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке хабарлайды және инкассаторлық ұйым филиалының қызметінде пайдаланылатын үй-жайларға құқық белгілейтін құжаттар мен техникалық паспорттардың көшірмелерін (электрондық көшірмелерін) ұсынады.

Инкассаторлық ұйымның филиалы өз қызметінде Үй-жайларды күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес келетін үй-жайларды пайдаланады.

Қазақстан Республикасының аумағында инкассаторлық ұйымның филиалы жабылған жағдайда инкассаторлық ұйым Ұлттық Банкті отыз жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

90-1. Инкассаторлық ұйымның (оның филиалының) қызметі күнтізбелік отыз күннен астам мерзімге уақытша тоқтатыла тұрған, сондай-ақ инкассаторлық ұйымның (оның филиалының) қызметі қайта басталған жағдайда инкассаторлық ұйым қызметін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде көрсетілген шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, бұл туралы Ұлттық Банкті жазбаша хабардар етеді.

Инкассаторлық ұйымның (оның филиалының) бастамасы бойынша қызметті уақытша тоқтата тұру мерзімі қатарынан күнтізбелік он екі айдан аспайды.

Ескерту. 3-тарау 90-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

91. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым ай сайын банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы бекітетін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттердің тізімін (бұдан әрі – Тізім) жүргізеді. Тізімдер жеке папкаға тігіледі және олардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін кемінде 3 (үш) жыл сақталады.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

92. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым клиенттің Тізімде тіркелген нөмірін бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келу карточкасын ай сайын жасайды. Келу карточкасында Қағидаларға 2-қосымшаның ескертпесінде көрсетілген ақпаратты көрсетуге болады.

Банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым автоматты режимде жұмыс істейтін құрылғылардан кассеталарды және (немесе) қолма-қол ақшаны түсірген кезде келу карточкасы жасалмайды.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

93. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүзеге асыру үшін банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін және бөлшек нөмірмен нөмірленетін тұтастықтың бұзылуының көрінетін белгілерінсіз ашылуына жол бермейтін сөмкелер қолданады, мұнда:

алым – Тізімде тіркелген клиенттің нөмірі;

бөлім – сөмкенің реттік нөмірі.

Бір клиентке арналған сөмкелердің реттік нөмірлері қайталанбайды.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауға арналған өзге де құрылғыларды (қайта санауды ұйымдастырған кезде сыртқы қалтасы бар сөмкелер, сейф-пакеттер, кассеталар, кейстер мен контейнерлер, оның ішінде арнайы бояумен жарақтандырылған кейстер мен контейнерлер) пайдалану тәртібі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның ішкі құжаттарында айқындалады.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

94. Клиент банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банкке, инкассаторлық ұйымға пломбаның екі үлгісін ұсынады. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды банктің инкассация бөлімшесінде, инкассаторлық ұйымда сақтаған жағдайда пломба үлгісінің қосымша бір данасын ұсынады. Пломбалардың үлгілері картон парағына банкноттар, монеталар және құндылықтар салынған сөмкелерді пломбалау үшін клиенттің қысқартылған атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген нақты екі жақты пломбиратордың бедерімен бекітіледі.

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы клиенттен алынған пломбалардың үлгілерін тексереді және банктің, инкассаторлық ұйымының пломбасын клиенттің пломбасы үлгісінің астындағы шпагатқа салу арқылы оларды куәландырады және Тізімде тіркелген оның нөмірі мен оған бекітіліп берілген сөмкелер нөмірін көрсетеді.

Пломбаның куәландырылған үлгісінің бір данасы клиентке сөмкелерді алған кезде банктің, инкассациялау ұйымының қызметкеріне ұсыну үшін беріледі. Екінші данасы клиенттің сөмкесін алған кезде пломбаның сәйкестігін тексеру үшін банктің касса қызметкеріне беріледі. Пломба үлгісінің қосымша данасы клиенттің сөмкелерін сақтау кезінде пломбалардың сәйкестігін тексеру үшін банктің инкассация бөлімшесінде, инкассаторлық ұйымда болады.

Банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ететін және тұтастықтың бұзылуының көрінетін белгілерінсіз ашылуына жол бермейтін сөмкелерді жабуға (сүргі салуға) арналған өзге де құрылғыларды пайдалануға болады. Сөмкелерді жабуға (сүргі салуға) арналған өзге де құрылғыларды пайдалану тәртібі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның ішкі құжаттарымен айқындалады.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

95. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

96. Банкноттар, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды банктің инкассация бөлімшесі қызметкерлері бригадасы, инкассаторлық ұйым автомобиль, теміржол және әуе көлігімен жүзеге асырады.

97. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

98. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы кемінде үш адамнан тұрады. Инкассатор жүргізуші банкноттар, монеталар

және құндылықтар салынған сөмкелердің сақталуын қамтамасыз етеді және бригада жетекшісі мен жинаушы инкассатордың жұмысын бақылайды. Жинаушы инкассатор клиенттердің сөмкелерін қабылдауды және тапсыруды жүзеге асырады, бригада жетекшісі автомобиль көлігінен клиентке дейін және кері бағытта тасымалдау және алып жүру кезінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

99. Инкассаторлар бригадасын екі адамнан - жинаушы инкассатор және инкассатор жүргізушіден тұратын құруға:

1) автокөлікте бейнекамералар болғанда, ондағы жазба банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе кезекші инкассатордың онлайн режимде қарауы үшін қолжетімді болғанда;

2) арнайы бояумен жабдықталған кейстер мен контейнерлерді пайдаланғанда рұқсат етіледі.

100. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағыты мен кестесі клиентпен келісу бойынша айқындалады. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағыты мен кестесін айқындау тәртібі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассациялау ұйымының ішкі құжаттарында реттеледі.

101. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассация ұйымының басшысы немесе кезекші инкассаторы инкассация бағыты бойынша банктің инкассация бөлімшесінің, инкассация ұйымының қызметкерлері бригадасының шығуы алдында тапсырманы орындау үшін нұсқау жүргізеді және мыналарды:

1) жинаушы инкассаторға:

Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сенімхатты;

Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келу карточкасын;

банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерінің қызметтік куәлігін;

маршрут нөмірі көрсетілген банктің, инкассаторлық ұйымның мөртабанын;

2) бригаданың аға қызметкеріне:

бос сөмкелерді;

банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйымның қызметкерінің қызметтік куәлігін береді.

Инкассация бағыты аяқталғаннан кейін банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы осы тармақта көрсетілген құжаттарды банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысына немесе кезекші инкассаторға қайтарады.

102. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе кезекші инкассаторы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру кезінде берілген және алынған құжаттар мен қаражатты есепке алуға арналған журналды (бұдан әрі –

Берілген және алынған құжаттарды есепке алуға арналған журнал) жүргізеді. Берілген және алынған құжаттарды есепке алуға арналған журналдағы жазбалар ол толығымен пайдаланылғанға дейін жасалады және оны пайдалану аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл бойы сақталады.

Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103. Банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінің бригадасы керек-жарақпен, жеке қорғаныс құралдарымен, оның ішінде бронезилеттермен, каскалармен (дулыға), сондай-ақ қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

104. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының мүшелеріне олардың қызметтік міндеттерін атқару уақыты кезінде қару-жарақ, оған оқ-дәрі ұстауға рұқсат беру, сондай-ақ қызметтік қару-жарақ және оларға оқ-дәріні есепке алу, сақтау және қолдану жекелеген қару-жарақ түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Банкноттар, монеталар және құндылықтарды қабылдау, жинау, жеткізу және өткізуді жүзеге асыру тәртібі

105. Инкассациялануға тиіс банкноттар, монеталар және құндылықтар жолдама құжат жасалып, сөмкелерге оралады.

106. Жолдама құжаттың нысанын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым белгілейді, ол мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) жолдама құжаттың нөмірі;
- 2) сөмкені қалыптастыру күні;
- 3) клиенттің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);
- 4) сөмкені қабылдайтын банктің атауы;
- 5) сөмкедегі банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың жалпы сомасы;
- 6) банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың номиналы, саны және әрбір номиналдың сомасы бойынша тізімдемесі;
- 7) сөмкеге соғылған пломбаның нөмірі;
- 8) клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы және қолы.

Жолдама құжат клиент, банк пен жинаушы инкассатор үшін үш данада жасалады. Сөмке жеткізіліп, тапсырылғаннан кейін жинаушы инкассатор жолдама құжатты банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысына немесе кезекші инкассаторына тапсырады, ол жеке папкаға тігіледі және кемінде 1 (бір) жыл сақталады.

Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

107. Клиенттерден банкноттар, монеталар және құндылықтар қабылдауды жинаушы инкассатор жүзеге асырады, ол мыналарды:

- 1) сөмкенің бүтіндігін;
- 2) пломбаның дұрыс соғылуын (пломба бекітілген шпагаттың бүтіндігі, пломбиратор бедерінің анықтығы, оның үлгіге ұқсас болуы);
- 3) клиенттің келу карточкасының дұрыс толтырылуын;
- 4) жолдама құжатта Қағидалардың 106-тармағында көзделген мәліметтердің көрсетілуін тексереді.

Ескерту. 107-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

108. Банкноттар, монеталар және құндылықтарды жинауды жүзеге асыру мақсатында банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының жетекшісі жинаушы инкассатордан келу карточкасын және банкноттар, монеталар және құндылықтар салынған сөмкені қабылдайды. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының жетекшісі Қағидалардың 107-тармағына сәйкес сөмкені тексереді және жинаушы инкассаторға келу карточкасын қайтарады және келесі клиенттің бос сөмкесін береді.

109. Клиенттердің банкноттарын, монеталарын және құндылықтарын жинауды жүзеге асырғаннан кейін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы банкноттар, монеталар және құндылықтарды банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау маршруты мен графигіне сәйкес жеткізуді, сондай-ақ жолдама құжаттардың негізінде банкноттар, монеталар және құндылықтарды клиентке өткізуді жүзеге асырады.

2-1-параграф. Автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ұйымдастыру

Ескерту. 3-тарау 2-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

109-1. Автомобильмен инкассаторлық тасымалдау банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым басшысының немесе кезекші инкассаторының тапсырмасы бойынша банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлер бригадасы жүзеге асырады.

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлер бригадасы көлік құралының ешқандай ауытқымай банкноттарды, монеталарды және

құндылықтарды инкассациялау бағдары мен кестесі бойынша қозғалуын қамтамасыз етеді.

Банктердің, инкассаторлық ұйымдардың банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау тапсырмасын орындауға байланысты емес адамдарды тасымалдауына, банкноттар, монеталар және құндылықтар болып табылмайтын жүктерді тасымалдау үшін көлік құралдарын пайдалануына, сондай-ақ салонда газ жабдығының болуына немесе орнатылуына рұқсат етілмейді.

109-2. Автомобильмен инкассаторлық тасымалдау үшін жабық шанағы бар, сондай-ақ банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың сақталуын және банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды алып жүретін адамдардың (клиент қызметкерлерінің) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құралдармен (қару атуға арналған тесіктермен, брондалған жеке бөліктермен немесе арнайы брондалған шанақтармен және басқа қорғаныш құралдарымен), радиостанциялармен немесе банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысымен немесе кезекші инкассаторымен ақпарат алмасу үшін өзге де байланыс құрылғысымен жабдықталған көлік құралдары пайдаланылады.

Салмағы 10 (он) тоннадан асатын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау кезінде жүк көтерімділігі 10 (он) тоннадан асатын, жабық шанағы бар көлік құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

Көлік құралдарын сейфтермен және металл шкафтармен қосымша жабдықтауға рұқсат етіледі.

Арнайы бояулармен жабдықталған арнайы контейнерлерді қолдана отырып банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау кезінде жабық шанағы бар көлік құралдары пайдаланылады. Көлік құралы салонының банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды алып жүретін адамдар орналасқан бөлігі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған құралдарымен, сондай-ақ радиостанциялармен не банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысымен немесе кезекші инкассаторымен ақпарат алмасу үшін өзге де байланыс құрылғысымен жабдықталады.

109-3. Көлік құралдары Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес арнаулы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталады және арнаулы түсті-графикалық схемалармен боялады.

109-4. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағдары мен кестесі бойынша көлікпен шығу Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1 (бір) ай мерзіміне ресімделген жол парағының негізінде жүзеге асырылады,

оған банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе кезекші инкассаторы қол қояды және банктің инкассация бөлімшесінде, инкассаторлық ұйымда сақталады.

109-5. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлер бригадасының банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағдары мен кестесі бойынша әрбір шығуы алдында банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе кезекші инкассаторы:

1) көлік құралының автомобильмен инкассаторлық тасымалдауға дайындығын (техникалық жарамдылығын, қосалқы бөлшектермен жабдықталуын, жанар-жағармай материалдарының құйылғанын, байланыс құралдарының, өрт сөндіру құралдарының жұмысын) тексереді;

2) инкассатор жүргізушіде "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) бекітілген Жол жүрісі қағидаларының 9-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттардың болуын тексереді;

3) Қағидалардың 109-4-тармағында көрсетілген жол парағын береді.

109-6. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкері банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бағдары мен кестесі бойынша:

1) киімжарақ, жеке қорғаныш құралдары, оның ішінде броньды кеудешелер, каскалар (шлемдер), сондай-ақ қызметтік қару-жарақ болмағанда;

2) инкассатор жүргізушінің көлік құралын басқаруға құқығы болмағанда шықпайды

109-7. Тапсырманы аяқтағаннан кейін инкассатор жүргізуші жол парағын банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысына немесе кезекші инкассаторына тапсырады.

Жол парағын беру және тапсыру Қағидаларға 4-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жол парағын қабылдау және тапсыруды есепке алу журналында көрсетіледі.

Қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін жол парақтары жеке папкаға тігіледі және кемінде 1 (бір) жыл банктің инкассация бөлімшесінде, инкассаторлық ұйымда сақталады, мерзімі аяқталғаннан кейін жойылады.

109-8. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операциялар арнайы жөнелтілімдерді тасымалдаумен және жеткізумен қатар жүрген кезде Ұлттық пошта операторының көлік құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

109-9. Ішкі істер органдары қызметкерінің талап етуі бойынша көлік құралы "Жол қозғалысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабының 1-тармағына сәйкес тоқтатылады.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша көлік құралы тоқтатылған және құжаттар талап етілген жағдайда инкассатор жүргізуші көлік құралынан шықпай жол парағы мен жүргізуші куәлігін ұсынады.

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлер бригадасының жетекшісі банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысына немесе кезекші инкассаторына кез келген қолжетімді байланыс құралын пайдалана отырып, көлік құралының тоқтатылғаны және тоқтату орны туралы, сондай-ақ көлік құралынан анықталған ақау, көлік құралының қатысуымен жол-көлік оқиғасы туралы және штаттан тыс жағдайдың туындағаны туралы өзге де ақпаратты дереу хабарлайды.

109-10. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды жүзеге асыратын қызметкерлері банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлеріне және (немесе) тасымалданатын банкноттарға, монеталарға және құндылықтарға қол сұғушылық болған жағдайда Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарын олардың құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау, оқиға болған жерді күзету, сондай-ақ жақын маңдағы ішкі істер органдарының бөлімшесіне болған оқиға туралы хабарлау бойынша көмек көрсетуі мақсатында осындай фактілер туралы хабардар етеді.

109-11. Автомобильмен инкассаторлық тасымалдауды ары қарай жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайға әкелген көлік құралының жарамсыздығы анықталған жағдайда, сондай-ақ көлік құралының қатысуымен жол-көлік оқиғасы болған жағдайда Қазақстан Республикасы Ішкі істер органының қызметкері жақын маңдағы ішкі істер органына болған оқиға туралы хабарлайды және банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлер бригадасына тасымалданатын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды сақтауды қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.

3-параграф. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі

110. Банкноттар, монеталар және құндылықтарды бір әкімшілік-аумақтық бірліктен екіншісіне жеткізу үшін банкноттар, монеталар және құндылықтарды тасымалдау жүзеге асырылады.

Банкноттар, монеталар және құндылықтарды тасымалдау кезінде банкноттар, монеталар және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдауды, жеткізуді, тапсыруды және қажет болған жағдайда сақтауды жүзеге асырады.

111. Банкноттар, монеталар және құндылықтарды тасымалдау банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының жетекшісіне клиентті, цифрмен және жазумен тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың сомасын, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау үшін тағайындалған бригаданың құрамына кіретін инкассаторларды, сенімхаттың қолданыс мерзімін көрсетумен банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның басшысы немесе олардың орнындағы тұлғалар қол қойған сенімхат болған жағдайда жүзеге асырылады.

112. Банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау үшін қабылдауы банкноттар бумалары орамының, монеталар салынған қаптардың бүтіндігін, банкноттардың әрбір бумасындағы түбіртектердің санын, банкноттар бумасындағы жапсырмада және монеталар салынған қаптарға жапсырылған жапсырмада көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын, пломбиратор бедерінің, банкноттар бумасының орамындағы клишенің бүтіндігі мен айқындығын тексерумен жөнелтуші клиент қол қойған шығыс кассалық немесе баланстан тыс ордерлердің негізінде жүзеге асырылады.

Банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы оларды тексеру кезінде орамынан және ресімделуінен анықтаған ақаулары бар банкноттар бумалары, монеталар салынған қаптар қабылданбайды.

113. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тексергеннен кейін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері оларды сөмкелерге жөнелтуші клиенттің көзінше орап салады.

Әрбір сөмкенің ауызы тігіледі және шпагатпен мықтап байланады, шпагаттың ұшына матадан жасалған жапсырма бекітіледі, онда орамның күні және Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тізімдемесіндегі нөмірге сәйкес сөмкенің реттік нөмірі көрсетіледі, шпагаттың ұшы қатты түйіншектеліп байланады, сөмкеге пломба соғылады және жапсырмасына жөнелтуші клиент қол қояды.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдағаннан кейін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы жөнелтуші клиенттің шығыс кассалық немесе баланстан тыс ордерлеріне қол қояды.

114. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау үшін жөнелтуші клиент тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тізімдемесін үш данада жасайды:

1) бірінші данасы конвертке салынып, сүргі соғылады және банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының жетекшісі арқылы алушы клиентке жөнелтіледі;

2) екінші данасы банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдау және өткізу үшін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасына беріледі;

3) үшінші данасы жөнелтуші клиентте қалады.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдау мен өткізу жүзеге асырылғаннан кейін инкассаторлар бригадасының жетекшісі тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тізімдемесін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысына немесе кезекші инкассаторына тапсырады, ол жеке папкаға тігіледі және кемінде 1 (бір) жыл сақталады.

Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

115. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау автомобиль және (немесе) теміржол және (немесе) әуе көлігімен жүзеге асырылады.

116. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау тапсырманы орындайтын банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының алып жүруімен банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысының немесе кезекші инкассатордың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

117. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды тасымалдау кезіндегі банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының құрамын тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың сомасы мен көлеміне байланысты банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым белгілейді.

118. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының алып жүруінсіз әуе көлігімен тасымалдау мынадай талаптарды:

1) банкноттар, монеталар және құндылықтарды әуе көлігінің бағалы жүктерге арналған жүк бөлігінің арнайы бөлімінде тасымалдау бойынша авиациялық қызметтерді ұсыну туралы әуе компаниясымен жасалған шарттың болуы;

2) банкноттар, монеталар және құндылықтарды әуежай қызметкерінің банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасымен бірлесіп әуе кемесінің бортына дейін алып жүру туралы жасалған шарттың болуы;

3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қатысушысы болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен банкноттар, монеталар және құндылықтарды сақтандыру (қайта сақтандыру) туралы жасалған шарттың болуы;

4) банкноттар, монеталар және құндылықтарды әуе көлігінің бортына (бортынан) тиеуді (түсіруді) оның ұшу (отыру) сәтіне дейін банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының қатысуымен жүзеге асыру;

5) банкноттар, монеталар және құндылықтарды оларды ашылып кетуден қорғайтын толық герметикалығын қамтамасыз ететін сөмкелерде тасымалдануы жүзеге асырылуы сақтаған кезде рұқсат етіледі.

119. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасы теміржол және (немесе) әуе көлігіне автомобиль көлігімен барады.

Инкассаторлар бригадасын теміржол және (немесе) әуе көлігінің жүру орнына жеткізген жүргізуші инкассатор отырғызу барысын қадағалайды және теміржол және (немесе) әуе көлігі жүріп кеткеннен кейін кетеді.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым теміржол және (немесе) әуе көлігі келгеннен кейін банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды алушы клиентке жеткізуді қамтамасыз етеді.

120. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды өткізген кезде жетіспеу немесе артық шығу анықталған жағдайда бумалар және түбіртектер бойынша еркін нысанда кем немесе артық шығу актісін жасайды, оған алушы клиент және банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері бригадасының мүшелері қол қояды.

4-параграф. Банкноттар, монеталар және құндылықтарды сақтауды жүзеге асыру тәртібі

121. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым сақтауға қабылданған банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың есепке алынуын, сақталуын, бүтіндігін қамтамасыз етеді.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды клиентке немесе банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның қоймасында немесе сейф бөлмесінде сақтауға тапсыру банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тапсырылғанын растайтын құжат негізінде жүзеге асырылады. Банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тапсырылғанын растайтын құжаттың нысаны банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның ішкі құжаттарында бекітіледі.

Ескерту. 121-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

122. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды банктің инкассация бөлімшесінде, инкассаторлық ұйымда сақтау Үй-жайларды күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін қоймаларда немесе сейф бөлмелерінде жүзеге асырылады.

123. Инкассацияланған банкноттар, монеталар және құндылықтармен бірге банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері қоймадағы немесе сейф бөлмесіндегі сейфтердің (металл шкафтардың) бірінде келу карточкасын, сенімхатты, қызметтік куәліктерді орналастырады және құлыпқа жабады.

Жұмыс күні ішінде бірнеше бағыт болған жағдайда, жұмыс күніндегі соңғы бағыт аяқталғаннан кейін банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің сенімхатын және қызметтік куәлігін қоймадағы немесе сейф бөлмесіндегі сейфтердің (металл шкафтардың) бірінде орналастырады және жабады.

Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

124. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды сақтауды жүзеге асыру тәртібі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның ішкі құжаттарымен айқындалады.

5-параграф. Банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиентті алып жүруді жүзеге асыру тәртібі

125. Банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін алып жүру банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шартының негізінде жүзеге асырылады.

126. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін алып жүруге клиенттің өтінімінің негізінде:

1) банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін алып жүру маршрутын және графигін жасайды;

2) банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін алып жүру үшін банктің инкассация бөлімшесі, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасын қалыптастыруды жүзеге асырады.

127. Бір клиенттің қызметкерлерін алып жүру кезінде банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйым қызметкерлерінің бригадасының құрамы кемінде екі қызметкерден тұрады.

128. Банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін маршрутқа және графикке сәйкес алып жүру аяқталғаннан кейін клиент келу карточкасын толтырады.

129. Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлері банкноттары, монеталары және құндылықтары бар клиенттің қызметкерлерін алып жүру кезінде банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдауды, орауды жүргізбейді және сөмкеге салынғанның толықтығы үшін жауап бермейді.

6-параграф. Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі инкассаторлық ұйымдардың қызметіне қойылатын талаптар

130. Инкассаторлық ұйым банкноттар, монеталар және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін мынадай үй-жайлардың болуын қамтамасыз етеді:

1) қойма және (немесе) сейф бөлмесі;

2) қойма алдындағы бөлме (қойма болған кезде);

3) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау жүргізуге арналған үй-жайлар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген үй-жайлардың жайластырылуы Үй-жайларды күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

131. Инкассаторлық ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау бойынша қызметті Қағидалардың 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55 және 56-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

Банкноттар түбіртектерінің бандерольдерінде номиналы, сомасы, қалыптастыру күні, штампы немесе коды, сондай-ақ банкноттарды қайта санау, сұрыптау, орау жүргізген инкассаторлық ұйым қызметкерінің (қызметкерлер бригадасының) қолы (қолдары) көрсетіледі.

Банкноттар бумасының жоғарғы жапсырмасында клиент пен инкассаторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, банкноттардың номиналы, сомасы, саны, орау күні, штампы немесе коды, сондай-ақ банкноттарды қайта санау, сұрыптау, орау жүргізген инкассаторлық ұйым қызметкерінің (қызметкерлер бригадасының) қолы (қолдары) көрсетіледі.

Банкноттары бар бумаларды полиэтилен пакетке орау кезінде полиэтилен пакет вакуумдық орауышта дәнекерленіп, дәнекерлеу тігісіне клиенттің банктік сәйкестендіру коды, инкассаторлық ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі және банкноттарды қайта санауды, сұрыптауды және орауды жүргізген касса қызметкерінің (касса қызметкерлері бригадасының) коды қойылады.

Қапқа жапсырылған жапсырмада клиент пен инкассаторлық ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, монеталардың номиналы, сомасы, саны, орау күні, штампы немесе коды, сондай-ақ монеталарды қайта санауды, сұрыптауды, орауды жүргізген инкассаторлық ұйым қызметкерінің (қызметкерлер бригадасының) қолы (қолдары) көрсетіледі.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау және сұрыптау кезінде күмәнді, төлемге жарамсыз және қолдан жасаған белгілері бар банкноттар,

монеталар және құндылықтар анықталған жағдайда инкассаторлық ұйым Қағидалардың 57, 58, 59, 60, 61, 62 және 63-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтайды.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

132. Инкассаторлық ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды сақтау бойынша қызметін Қағидалардың 74, 75, 76, 77, 78, 79 және 80-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

133. Инкассаторлық ұйым банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша клиенттерден қабылданған сомалар шегінде олардың клиенттеріне беру бойынша қызметті Қағидалардың 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39 және 40-тармақтарының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 133-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктерде,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктерінің
филиалдарында, Ұлттық пошта
операторында және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау айрықша қызметі
болып табылатын заңды
тұлғаларда кассалық
операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Бекітемін

(банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялауды жүзеге
асыратын банктің немесе
инкассаторлық ұйымның атауы)

(банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялауды жүзеге
асыратын банктің немесе
инкассаторлық ұйымның
басшысының тегі, аты, әкесінің

аты (ол бар болса), колы)
20 ____ жылғы " ____ " _____

Клиенттердің тізімі

№	Клиенттің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Клиентке бекітілген нөмір	Көрсетілетін қызмет түрлерін көрсетумен банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау шартының деректемелері
1	2	3	4

Екінші деңгейдегі банктерде,
Ұлттық пошта операторында
және банкноттарды,
монеталарды және
құндылықтарды инкассациялау
айрықша қызметі болып
табылатын заңды тұлғаларда
кассалық операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№ _____ келу карточкасы

20 ____ жылғы " ____ " _____

(банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның атауы)

Клиент _____ сөмкесі

(әрбір сөмкенің нөмірі көрсетіледі)

Нөмір _____ маршрут

Клиент: _____

атауы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Клиенттің мекенжайы: _____

Клиенттің телефон нөмірі: _____

Сөмкені өткізу уақыты	Инкассацияланатын банкноттар, монеталар және құндылықтар туралы ақпарат	Жинаушы инкассатордан

	Сағат		Сөмкені ң нөмірі		Сөмкені ң нөмірі		Сөмкені ң нөмірі		нған бос сөмкені ң нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Жиынтығы: _____

(қайта келген кезде инкассацияланған сөмкелер саны)

Барлығы: _____

(бір айда инкассацияланған сөмкелер саны)

Тексерді: _____

(колы) (банктің инкассация бөлімшесінің,

инкассаторлық ұйым басшысының немесе

кезекші инкассатордың тегі, аты, әкесінің аты

(ол бар болса)

Ескертпе.

Егер түсім инкассаторларға тапсырылмаса, клиент осы күнгі жолда ақшаны тапсырмау себебін көрсетеді.

Жіберілген қателерді түзету қате жасалған жазуды сызып тастау арқылы жасалады, ал жазу карточканың шетінде жасалады.

Екі және одан да көп сөмкені тапсырған және алған кезде "Ақшалай түсімі бар сөмкенің нөмірі" және "Инкассатордан қабылданған бос сөмкенің нөмірі" бағандарында нөмірлердің орнына сөмкелердің саны жазумен көрсетіледі.

Инкассаторлардың қайта кіруі кезінде ақша тапсыру "Қайта кіру" бөлімінде белгіленеді.

Инкассатор жазбалар жасамайды.

Екінші деңгейдегі банктерде,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктерінің
филиалдарында, Ұлттық пошта
операторында және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау айрықша қызметі
болып табылатын заңды
тұлғаларда қассалық
операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

_____ (банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын банктің, инкассаторлық ұйымның

атауы) Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыру кезінде берілген және алынған құжаттар мен құрал-жабдықтарды есепке алу журналы _____ жылғы " ____ " _____ басталды _____ жылғы " ____ " _____ аяқталды

Берілген күні мен уақыты (сағатпен және минутпен)	Банктің, инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болса)	Бағыттың нөмірі	Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлеріне берілген құжаттар мен құрал-жабдықтар (саны жазумен көрсетілсін)					Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінің қолы
			Сөмке	Келу карточкасы	Бағыттың нөмірі көрсетілген мөртабан	Жеке қорғану құралдары	Сенімхат (деректемелері көрсетілсін)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы:

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінен алынған құжаттар мен құрал-жабдықтар (саны жазумен көрсетілсін)					Алынған күні мен уақыты (сағатпен және минутпен)	Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысының немесе кезекші (инкассатордың келу карточкаларының, сейфтердің кілттерін алғанын растайтын қолы	Ескерту
Сөмке	Келу карточкасы	Бағыттың нөмірі көрсетілген мөртабан	Жеке қорғану құралдары	Сенімхат (деректемелері көрсетілсін)			
10	11	12	13	14	15	16	17

Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда қасалық операцияларды және

банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Сенімхат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 10.11.2025 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы сенімхат _____

(банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды

инкассациялауды жүзеге асыратын банк, инкассаторлық ұйым)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы)

клиенттерден _____

(аудан, қала, облыс)

аумағында әрбір жекелеген жағдайда жеке куәлігін не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған, жинақтаушы-инкассатордың жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректерді, келу карточкасын міндетті түрде көрсете отырып, банкноттар, монеталар және құндылықтар салынған пломбаланған сөмкелерді алуға берілді.

Қолы _____ куәландырылады.

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)

Сенімхат 20__ жылғы " __ " _____ дейінгі мерзімге берілді*.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялауды жүзеге асыратын

банктің, инкассаторлық ұйымның басшысы _____.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

* қолданылу мерзімі өткеннен кейін кемінде 3 (үш) жыл сақталады.

Екінші деңгейдегі банктерде,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктерінің
филиалдарында, Ұлттық пошта
операторында және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау айрықша қызметі
болып табылатын заңды
тұлғаларда қассалық
операцияларды және

банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына 4-1-қосымша

Ескерту. 3-тарау 4-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

20__ жылғы " __ " _____ № _____ жол парағы

Көлік құралының маркасы _____

Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі (МТНБ) _____

Автомобилмен инкассаторлық тасымалдау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

20 __ " __ " _____ № _____ лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

Берілетін мекенжай _____

Жүргізушілер: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (көлік құралын басқару құқығына берілген жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, санаты)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (көлік құралын басқару құқығына берілген жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, санаты)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (көлік құралын басқару құқығына берілген жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, санаты)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (көлік құралын басқару құқығына берілген жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, санаты)

Айдың басындағы мәліметтер		Айдың соңындағы мәліметтер	
Жүрісі (километрмен)	Айдың басындағы отын қалдығы (литрмен)	Жүрісі (километрмен)	Айдың басындағы отын қалдығы (литрмен)

Көлік құралын пайдаланудың қорытынды деректері

Жүрісі (километрмен)	Берілген отын (литрмен)	100 (жүз) километрге арналған шығыс нормасы	Жүгіріске отын шығыны (литрмен)
----------------------	-------------------------	---	---------------------------------

Көлік құралына техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚК)

	Бұрын жүргізілгені		Жоспарланатыны	
	Күні (жжжж.кк.аа)	Жүрісі (километрмен)	Күні (жжжж.кк.аа)	Жүрісі (километрмен)

ТҚК – 1				
ТҚК – 2				

Радиостанцияның болуы: _____ көлік құралы тексерілді
(маркасы мен нөмірі)

_____ (қолы)

Күні _____

Артқы жағы

Күні (жжжж.кк.аа)	Жүргізуші-инкассаторлар		Ауысым басталуы		Көлік құралын және жүргізушіні тексердім, шығуға рұқсат етемін (банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысының немесе кезекшісінің қолы)
	Бірінші ауысым	Екінші ауысым	Бірінші ауысым	Екінші ауысым	
	аты-жөні	аты-жөні	Шығу уақыты	Шығу уақыты	
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Маршрут №		Ауысымның аяқталуы (нақты)		Ауысым аяқталғаннан кейінгі жүрісі (километрмен)			
Бірінші ауысым	Екінші ауысым	Бірінші ауысым	Екінші ауысым	Бірінші ауысым		Екінші ауысым	
		Кіру уақыты	Кіру уақыты	Ауысымдағы жүріс (километрме н)	Жүгіріс жиынтығы (километрме н)	Ауысыдағы жүріс (километрме н)	Жүгіріс жиынтығы (километрме н)
7	8	9	10	11	12	13	14

Екінші деңгейдегі банктерде,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктерінің
филиалдарында, Ұлттық пошта
операторында және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау айрықша қызметі
болып табылатын заңды
тұлғаларда кассалық
операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге

Ескерту. 3-тарау 4-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2026 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жол парағын қабылдауды және тапсыруды есепке алу журналы _____
_____ (банк филиалының, инкассаторлық ұйымның атауы)
_____ (банктің инкассация
бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның атауы) _____ басталды _____ аяқталды _
_____ (банк филиалының, инкассаторлық ұйымның атауы)

№	Жол парағын қабылдау күні (кк.аа.жжжж)	Жол парағын алған адамның лауазымы, тегі және инициалдары	Жол парағын алған адамның қолы	Жол парағын тапсыру күні (кк.аа.жжжж)
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Жол парағын тапсырған адамның лауазымы, тегі және инициалдары	Жол парағын тапсырған адамның қолы	Штаттан тыс жағдай туындауы туралы белгі
6	7	8

Растау жазбасы

Осы журналда _____ парақ тігілді, нөмірленді
(толық жазу)

Банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның басшысы

_____ (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Екінші деңгейдегі банктерде,
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банктерінің
филиалдарында, Ұлттық пошта
операторында және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау айрықша қызметі
болып табылатын заңды
тұлғаларда кассалық
операцияларды және
банкноттарды, монеталарды
және құндылықтарды
инкассациялау жөніндегі
операцияларды жүзеге асыру
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

(жіберуші клиенттің атауы)

(алушы клиенттің атауы)

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

(елді мекен)

Тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың № _____ тізімдемесі

Банкноттардың, монеталардың, және құндылықтардың атауы (валютаның коды, банкноттар мен монеталардың құны, құжат бланкілерінің нөмірлері)	Сомасы		Бума саны	Қаптар саны	Қаптардың нөмірлері	Пломбирдің нөмірі
	Номинал бойынша	теңгемен				
1	2	3	4	5	6	7
Жиынтығы						

Барлық сомасы _____

теңге.

(сомасы жазумен)

Жіберуші клиент:

_____ (лауазымы) _____ (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)) _____ (қолы)

_____ (лауазымы) _____ (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)) _____ (қолы)

Тізімдеменің сырт жағы

_____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____ банктің инкассация бөлімшесінің, инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінің бригадасы:

1. _____

_____;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

2. _____

_____;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

3. _____

_____;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

арқылы жіберілген тасымалданатын банкноттардың, монеталардың және құндылықтардың тізімдемесінде көрсетілген банкноттар, монеталар және құндылықтар

_____ теңге сомаға
(санмен және жазумен)

_____ қабылданды.

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қабылдау

_____ (парақтап, жапсырмадағы жазбалар бойынша, бумалар және түбіртектер _____ тексерумен жүргізілді.

бойынша көрсетілсін)

Алушы клиент:

_____ (лауазымы)	_____ (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))	_____ (қолы)
_____ (лауазымы)	_____ (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))	_____ (қолы)

Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды банктің инкассация бөлімшесінің,

инкассаторлық ұйымның қызметкерлерінің бригадасы _____

1. _____ ;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

2. _____ ;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

3. _____ ;

(инкассатордың тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)) өткізді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 29 қарашадағы
№ 231 қаулысына
2-қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1482 болып тіркелген).

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 12 желтоқсандағы № 156 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4048 болып тіркелген, 2006 жылғы 17 ақпанда "Заң газеті" газетінде № 28-29(835) жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық банк басқармасының 2007 жылғы 27 тамыздағы № 90 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4936 болып тіркелген, 2007 жылғы 24 қазанда "Заң газеті" газетінде № 163 (1366) жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 94 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5483 болып тіркелген).

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына кассалық операцияларды жүргізу кезінде автоматтандырылған кассаны қолдану және екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді, жайластыруды ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 65 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5843 болып тіркелген, 2009 жылғы 22 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 193 (1616) жарияланған).

6. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк төрағасының 2010 жылғы 20 тамыздағы № 76 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6534 болып тіркелген, 2010 жылғы 21 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 435 (26278) жарияланған).

7. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 1 шілдедегі № 65 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7122 болып тіркелген, 2011 жылғы 15 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде № 133 (1949) жарияланған).

8. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда касса операцияларын және банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау операцияларын жүргізу ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 252 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7985 болып тіркелген, 2012 жылғы 28 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 778-784 (27855) жарияланған).

9. "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 254 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7995 болып тіркелген, 2012 жылғы 28 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 778-784 (27855) жарияланған).

10. "Банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияны жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асыратын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 257 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7956 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 729-734 (27806) жарияланған).

11. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 мамырдағы № 128 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер тізбесінің 1, 5 және 6-тармақтары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8567 болып тіркелген, 2013 жылғы 7 тамызда "Заң газеті" газетінде № 116 (2317) жарияланған).

12. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 28 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері

бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 11-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10715 болып тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

13. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасындағы қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 230 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына Қазақстан Республикасындағы қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер енгізілетін қаулылары тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13316 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

14. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір қаулыларына қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 265 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18173 болып тіркелген, 2019 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

15. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 18 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды есепке алу, сақтау, тасымалдау және инкассациялау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер енгізілетін қаулылары тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18297 болып тіркелген, 2019 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).